

**«ИШТАЕВ Е.А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Айгөлек» жеке бөбекжайы «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы**

Хаттама №1

Күні: 19.09.2025 жыл

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты»

Қатысқындар: бөбекжай директоры

Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын қабылдау

2. ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексі

Тыңдалды: Жиналысты бөбекжай директоры Кошбаева Алмагүл Хамитовна «Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жою бастамасымен жетістіктерін жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да ҚР мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы ауырлықпен күресі болып табылады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы ҚР Заңының 10-бабына сәйкес ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген және ұсынымдық сипатқа ие. Осы стандарт сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған. Стандарттың міндеттеріне адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру және қағидаттарына заңдылық, ашықтық, әдептілік сонымен қатар жеке және заңды тұлғалардың құқықтарымен мүдделерін сақтау сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау, мүдделер қақтығысын болдырмау»

Сөз сөйледі: Қамқоршылық кеңес төрайымы Амангалиева Ж.М. сөз алып «Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қақтығыстарға төтеп беріп, қай жерде мол қаржы, пайда болса сол жерге тамыр жайып бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Осы жоғарыда атап өткен стандартқа сай жемқорлықтың алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізіліп тұрса азда болса мемлекетіміз үшін жасалған іс болып табылары сөзсіз»-деп қорытындылады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Амангалиева Ж.М. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бойынша кез-келген салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтарымен заңды мүдделерін іске асыру барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, моральдық-әдептілік нормалардың сақтау, сыпайылық таныту, шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратпау жемқорлыққа қарсы күрес боп табылады»

Екінші мәселе бойынша ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп кодексі туралы бөбекжай директоры жалпы ережелерге тоқталып өтті. Әдеп кодексі ҚР Конституциясына және ҚР сыбайлас жемқорлық туралы заңына, моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын талаптарды және сондай-ақ мінез-құлқының негізгі стандартын белгілейді.

Төрайымы: А.Х. Кошбаева

Хатшы: А.К. Құрметова

